

## №43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК

### «Қысқы ертегілер әлемі» шығармашылық кеші бойынша

#### анықтама

Балабақшада ата-аналарды оқу-тәрбие процесіне тарту, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту және балалардың шығармашылық дағдыларын дамыту мақсатында «Қысқы ертегілер әлемі» атты ерекше шығармашылық кеш ұйымдастырылды. Іс-шара «Ана мектебі» бағыты негізінде өткізіліп, онда аналар мен балалар бірлесіп ертегі құрастырып, оны шағын сахналық көрініс ретінде көрсетуге мүмкіндік алды. Бұл кеш балалардың сөйлеу тілін, қиялын, актерлік қабілетін дамытуға, ал ата-аналардың бала тәрбиесіне белсенді араласуына зор ықпал етті. Іс-шараның басталуында тәрбиеші балаларды қысқы табиғаттың сиқырымен таныстырып, қардың жаууы, аяз, қысқы орман, жануарлар тіршілігі сияқты көріністерді суреттеп берді. Балалар қыс мезгілі туралы өз ойларымен бөлісіп, аналарымен бірге алдағы ертегінің кейіпкерлерін таңдады. Қар адамы, Аяз ата, Ақ қоян, Тиін, Қар қыз, Сиқырлы шам, Қар ханшайымы сияқты кейіпкерлер ұсынылып, әр отбасы өзіне жақын рөлді таңдады. Ертегі құрастыру кезеңінде аналар мен балалар бірлесіп сюжет ойлап тауып, қысқы ертегінің басталуы, дамуы және аяқталуы туралы шағын әңгіме құрастырды. Тәрбиеші олардың ойын жинақтап, балаларға жас ерекшелігіне сай тілдік құрылымдар мен тірек сөздер ұсынды. Осылайша әр отбасының қатысуымен бір үлкен ортақ «Қысқы ертегі» дүниеге келді. Ертегі ішінде қысқы табиғат сұлулығы, достық, мейірімділік, бір-біріне көмектесу, сиқырлы оқиғалар үйлесім тапты. Сахналау кезеңінде балалар өздерінің және аналарының дайындаған шағын костюмдерін киіп, бейнеленген ертегіні сахнада ойнап шықты. Балалар дауыс ырғағын, мимикасын, қимыл-қозғалыстарын қолдана отырып кейіпкерді шынайы бейнелеуге тырысты. Аналар балаларға рөлді орындауда көмек беріп, бірге сахналық мәдениетті үйренді. Бұл шығармашылық процесс отбасылық бірлікті нығайтып, баланың өзіне деген сенімін арттырды. Кеш соңында барлық отбасы бірігіп «Қыс кереметі» атты финалдық көрініс орындап, мерекелік көңіл-күй қалыптастырды. Балалар «Қар жауып тұр», «Қыс келді», «Жақсылық жасайық» сияқты шағын ұрандар айтып, жылулық пен мейірімділік тақырыбын жеткізді. Тәрбиеші барлық қатысушыларға ризашылық білдіріп, аналар мен балаларға өзара қолдау, шығармашылық серіктестік және бала тәрбиесіне үлес қосқаны үшін алғыс айтты. Өткізілген «Қысқы ертегілер әлемі» шығармашылық кеші балалардың сөйлеу, қиялдау, сахналау дағдыларын дамытты, аналар мен балалардың эмоционалдық байланысын күшейтті және балабақшада отбасылық бағыттағы жұмыс түрлерінің тиімділігін көрсетті. Іс-шара баланың шығармашылығын

ашуға, сөйлесім дағдысын жетілдіруге және қысқы мезгіл туралы түсінігін кеңейтуге айтарлықтай әсер етті.

Әдіскер : Саттыкова А